

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 192 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 тамызда № 4201 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 қарашадағы № 340 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданы әкімдігінің 13.11.2017 № 340 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Отырар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.Әлішке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Е.Айтаханов*

Отырар ауданы әкімдігінің  
"17" тамыздағы 2017 жылғы  
№ 192 қаулысына 1 қосымша

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы**

| № | Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны |
|---|------------------------------------------|
| 1 | 3134                                     |

Отырар ауданы әкімдігінің  
"17" тамыздағы 2017 жылғы  
№ 192 қаулысына 2 қосымша

## Жан басына шаққандағы қаржыландырудың мөлшері

|                                                      |                                |
|------------------------------------------------------|--------------------------------|
| Айына бір тәрбиеленушіге кететін орташа шығыс, теңге |                                |
| Балабақша                                            | Мектеп жанындағы шағын орталық |
| 29918                                                | 11759                          |

Отырар ауданы әкімдігінің  
"17" тамыздағы 2017 жылғы  
№ 192 қаулысына 3 қосымша

## Ата-ананың ақы төлеу мөлшері

|         |                                                                |                                                                         |
|---------|----------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|
| Барлығы | Күніне бір баланың шығыны, 3 жасқа дейін<br>теңге ( көп емес ) | Күніне бір баланың шығыны, 3 жастан 7 жасқа<br>дейін теңге ( көп емес ) |
|         | 331,06                                                         | 398,78                                                                  |

Ескертпе: 1 күніне бір балаға жас ерекшелігіне қарай кететін шығын. Нақты жұмыс күніне есептелген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК